



# ПАРЛАМЕНТ

## “Егемен Қазақстанның” арнаулы беті

### • Депутат дауысы

Мемлекет басшысы бекіткен “Қазақстан Республикасы аумақтық дамуының 2015 жылға дейінгі стратегиясын” жүзеге асыру — өзекті мәселелердің бірі. Бұл құжат Қазақстанның өлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына ену стратегиясы шеңберінде дайындалған.

Аймақтық деңгейде Қазақстан қазіргі заманғы өндірістік, инновациялық және қызмет көрсету орталығына айналуы керек. Еліміздің орасан ауқымы, тұрғындардың сирек қоныстануы бір-келкі немесе бірқалыпты даму тұжырымдамасын өзгертіп, оның

дың мұқтаждықтарына назар аудару қажет. Ауыл инфрақұрылымын дамытуға мемлекет бөлетін қаржыны тиімді пайдалануға күш-жігер жұмсауға тиіспіз. Таза ауыз су, жөнделген жолдар, аурухана және мектептер болмаса, еліміздің бәсекеге қабілеттілігі туралы сөз қозғаудың өзі артық.

## Жұмысымызды әлемдік рынокқа кіру стратегиясымен ұштастырсақ ұтамыз

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
Парламент Сенатының Төрағасы.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” деп аталған биылғы халыққа Жолдауында еліміздің жан-жақты және жедел жаңғыру жолын таңдап алғанын жариялады. “Біз экономиканың барлық деңгейінде өзіміздің бәсекелік мүмкіндіктерімізді нақты анықтап, тиімді пайдалануымыз қажет”, — делі Елбасы.

Мемлекет басшысы біздің жедел алға басуымызда жүйелілік қажеттігіне назар аударып, бірқатар ауқымды міндеттер жүктелді. Солардың ішінде аумақтық экономикада сапалы жаңа табыстарға қол жеткізу және жаһандық экономикаға толыққанды қатысуды қамтамасыз ету сынды маңызды міндеттер бар.

Аумақтық даму стратегиясы аймақтардың бәсекеге қабілетті мамандануын қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, экономикалық келешегі зор аудандарда еңбек және өндіріс қорларын шоғырландыру үшін жағдай жасауға, “өсу нүктелерін” қалыптастыруға және аумақтардың инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Онысы Қазақстанның әлемдік экономикаға табысты кіруі жайында сөз айту қиын.

Жаңа сападағы технологиялық деңгейге шығуды қамтамасыз ету — барынша маңызды. Бұл озық өндірушілермен бәсекеге түсуге мүмкіндік береді.

Бізде әлемдік рыноктағы жағдайымызды нығайту керек. Ол үшін сапалы шикізат, металлургия және астық өнімдерін ірі жеткізуші, Азия мен Еуропаны жалғайтын трансконтинентальді көлік орталығы болуға ұмтылғанмыз жөн.



орнына “нүктелік” өсу тұжырымдамасы болғанын талап етеді. Нәтижесінде өңірлік және жаһандық рынокқа енген аудандар мен қалалар барынша серпінді дамиды аймақтар бола алады.

Мұндай жүйеде Астана және Алматы қалалары қаржы, технологиялық қызмет, сондай-ақ мәдени алмасудың маңызды орталықтарына айналады. Жалпы, бұл екі мегаполисті дамыту — оларды Орталық Азия аймағындағы бизнес-орталықтары ретінде қалыптастыруды көздейді.

Бұл арада біз тұрғындардың жалпы экономикалық белсенділігін арттыру үшін қолдан келгенін бәрін жасауды ұмытпауымыз керек. Өйткені, халықтың “өсу нүктелері қалаларда” ғана емес, еліміздің барлық аумақтарында, солардың ішінде ауылдарда екені белгілі. Президент атап көрсеткендей, ең бірінші кезекте ауылдық аудандар-

Ресурстарды тиімді пайдаланудың маңызды тетігі деп әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (ӘКК / СПК) құру ісін айтуға болады. Қазақстан үшін бұл — жаңа мәселе. Бірақ, қазірдің өзінде бұл корпорациялардың басты қызметі активтерді басқаруға, жаңа жобаларды жасау мен қосымша инвестицияларды тартуға бағытталарын айтуға болады. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (ӘКК) дамыту кең көлемде ірі аймақтық орталықтарды құруға қолайлы жағдай туғызады.

Елдің бәсекеге қабілетті болуы — әрбір аймақтың және әрбір экономикалық белсенді азаматтың бәсекеге қабілетті болуынан құралатыны мәлім. Бәлкім, бізге әлемдік тәжірибедегі сияқты, облыстардың бәсекеге қабілетін анықтайтын арнайы рейтинг ойластыру қажет болар.

Қазақстанда нәрлендіруші немесе дотациялық облыстар бар екені белгілі. Алайда, әрбір облыстың бастапқы мүмкіндігі рейтингте жоғары орын алуға кедергі бола алмайды. Бәсекеге қабілетті болу тек қана аумақтық бірліктің даму деңгейімен емес, сонымен бірге, экономикалық өсу, әлеуметтік міндеттерді кешенді түрде шешуге жасалған жағдай, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамыту деңгейімен анықталады.

Қазақстан бәсекеге қабілетті ел бола алады және солай болуы тиіс. Сондықтан аймақтардағы биліктің міндеті — өз аймақтарын, тірек болатын қалаларды дамыту стратегиясын жасау және оны еліміздің әлемдік рынокқа кіруінің жалпы стратегиясымен ұштастыра білу.

Суретті түсірген В.МИРОНЧИК.

### • Көкейкесті

## Дертті отандастарымызға дереу көмек қолын созалық

**Светлана ЖАЛМАҒАМБЕТОВА,**  
сенатор.

Мен жуырда Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтің атына аса бір ділгір мәселе бойынша депутаттық сауал жолдадым. Оған түрткі болған Астана қаласының бүйрек сырқатымен ауырып, 1 және 2 топтағы мүгедектікке душар болған 46 тұрғыны. Олар менің атыма хат жазып, өздеріне көмектесуді өтінген екен.

Бүйрек сырқаты — жазылуы өте қиын дерттердің бірі. Одан тек басқа біреудің (донордың) бүйрегін салу арқылы ғана құлан-таза айығуға болады. Ал ондай операция бізде жасалмайды. Қолы жеткендер ғана шетелге барып, көп қаражатқа ұзақ уақыт ем қабылдап, бүйректерін ауыстырып келіп жатыр.

Бізде осындай дертке ұшыраған науқастардың негізгі бөлігі №1 қалалық аурухананың гемодиализ бөлімшесіне тіркеліп, сондағы жағдайы бүйрек аппаратына байланған. Ондағы жатын орынның саны 10-12 ғана. Науқас көп болғандықтан, жұрттың оған да қолы жете бермейді. Астана мәртебесін алған-

нан бері қала халқының саны кем дегенде екі есе өсті, ал бөлімшедегі орын саны біреуге де арттырылған жоқ. Мұнда тіпті осы заманғы жетілдірілген ем және сарап жасайтын құралдар да жоқ. Науқас адамдарды бөлімшеге жеткізу жолдары, арнайы тамақ беру істері де қарастырылмаған.

Міне, осындай жағдайды ескере отырып, мен Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтен Астана қаласында бүйрек ауыстыру мен гемодиализ орталығын салуды және оны білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешуді сұрадым. Қалалық әкімдік мұндай орталық салуды бұрын да ойлаған екен, бірақ олар мәселені шешуді 2010 жылға қалдырыпты. Бірақ оны қауіпті дерт күтіп тұра ма? Қасымыздағы қымбат жандарымызды көктей солдырып кетпей ме? Басқаны қоя тұрып, кезек күттірмейтін аса қажетті мәселелерді шешуді бүгінгі күннен бастап қолға алу керек. Оған еліміздің қазіргі мүмкіндігі жетеді. Біз әрқашанда қиын жағдайға душар болған отандастарымызға көмек қолын тезірек соза білуіміз керек. Сонда ғана еліміздің іргесі бүгінде бермек.

### • Айтайын дегенім...

## Тұйықтан өңірлік коэффициент шығарады

**Зейнолла АЛШЫНБАЕВ,**  
Мәжіліс депутаты.

Маңғыстау облысы өзінің географиялық орналасуы жағынан орталықтан ең алыс, шалғай жатқан, республика бойынша инфрақұрылымы ең нашар дамыған облысқа жатады. Облыстың барлық жері шөл-шөлейтті. Халық күнделікті тұтынатын азық-түлік, жеміс-жидек, көкөністердің барлығы сырттан тасып әкелінеді. Сондықтан Маңғыстау облысындағы азық-түліктің бағасы республиканың басқа өңірлерімен салыстырғанда бірнеше есе қымбат. Ауыз судың табиғи көзі жоқ. Облыс елді мекендерінің көпшілігінің арасында жол салынбаған.

Оған қоса, облыстағы мұнай-газ өндірісінің дамуы және осы салада жұмыс жасаушылардың табысының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын адамдар тобынан, атап айтсақ,

олар — зейнеткерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, мемлекеттік және әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, т.б. алатын табысынан бірнеше есе көп болуы осы екі категория арасында теңсіздік туғызып отыр. Мұнайшылардың табысының жоғары болуы жергілікті жердегі базар нарқының, әсіресе азық-түліктің одан сайын қымбаттауына себеп болуда. Мысалы, еліміздің басқа аймақтарымен салыстырып қарайтын болсақ, Маңғыстауда ең төменгі күнкөріс себеті 10103 тенге болса, Оңтүстік Қазақстан облысында 6993 тенге, ал Жамбыл облысында 6695 тенге құрайды. Айырмашылық көзге көрініп тұр. Ал республика бойынша жалақы, зейнетақы мөлшерлері бірдей. Маңғыстауда берілетін базалық әлеуметтік төлемдер де ең төменгі күнкөріс көлемін жаппайды, яғни оған сәйкес емес. Бұрынғы Кеңестер Одағы кезін-

### • Сауалы мен жауабы

Парламент Мәжілісінің депутаты Асқар Бейсенбаев ішкі еңбек рыногын қорғауға байланысты үстіміздегі жылдың қаңтар айында Премьер-Министр К.Мәсімовтің атына депутаттық сауал жолдап, ол “Егемен Қазақстанның” “Парламент” бетінде жарияланған еді. Халық қалаулысына Үкімет басшысынан төмендегідей жауап келіп түсіпті.

## Ішкі еңбек рыногы да қорғалады

“Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында жыл сайын квота белгілейді. Бүгінгі күні шетелден жұмыс күшін тартуға белгіленген квота экономикалық белсенді халық санының 0,8 пайызын (64 мың бірлік) құрайды. Сонымен бірге, Қазақстанда шетел капиталының қатысуымен индустриялық-инновациялық стратегияны жүзеге асыру мақсатында кең ауқымды инвестициялық жобаларды, прогрессивті шетел технологияларын енгізу үшін шет ел азаматтары белгіленген квота шегінде тартылады.

Көші-кон заңнамасын жетілдіру мақсатында 2006 жылғы 12 қаңтарда “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-кон үдерістерін реттеу

мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы” Заң қабылданды. Бұл заң шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын белгілейді. Соның ішінде, Қазақстан Республикасында уақытша жүрген шетелдіктер жеке кәсіпкерлік субъектілері бола алады. Бірақ заңды тұлға құрмай, шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта еңбек рыногын қорғау мақсатында сауда алаңдарында, базарларда шетел азаматтарының саудамен айналысуына шектеу енгізу үшін заң жобасын әзірлеу жұмысы қаралып жатыр”.

де жоғарыда аталған табиғи және басқа да қиыншылықтарға байланысты өңірлік коэффициент қосып, мемлекет жәрдем беретін. Алайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы дағдарысты жағдайларға байланысты республикалық бюджет бұл салмақты көтере алмайтын болған соң, бұл жеңілдік алып тасталды. Сөйтіп, адамдар категориясы арасындағы табысының айырмасы өте жоғары болуы ел ішінде әлеуметтік наразылыққа себеп болып отыр.

Қазір жағдай өзгерді, мәселені байыппен сараптай отырып, бұрынғы кеңестік тәжірибені пайдаланып, өңірлік коэффициентті енгізу арқылы шешуге болар еді. Осы мәселе облыс әкімі Қ.Көшербаевтың 2006 жылғы 14 ақпанда Үкіметке жолдаған хатында да көтерілген болатын. Маңғыстау облысының нәрлендіруші облыс екендігін ескеретін болсақ, бюджет үшін бұл аса үлкен шығын болмайды. Мәселе өте күрделі, әлеуметтік теңсіздік көзге ұрып көрініп тұр. Сондықтан ол шешімін тапқаны жөн.